Ғылыми мақала
ӘОЖ 80
https://doi.org/10.31489/2026PHI3/87-102

Мақаланың редакцияға түскен күні: 22.10.2025
Қабылданған күні: 11.06.2026

А.Н. Бөшен*, А.Б. Салқынбай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: aizhan.boshen@gmail.com, asalkbek@gmail.com)

Ұлттық мәдени дискурстағы тамақ атауларының лингвомәдени сипаты

Мақалада қазақ халқының ұлттық тағам атаулары лингвомәдени тұрғыдан жан-жақты сараланып, олардың мәдени дискурстағы орны мен қызметі тереңінен қарастырылды. Зерттеу өзегінде тағам атауларының қарапайым тұрмыстық лексика шеңберінен шығып, халықтың дүниетанымын, рухани-мәдени құндылықтарын, әлеуметтік қатынастарын және өмір салтын бейнелейтін мағыналық құрылым екендігі дәлелденді. Ұлттық ас атаулары тек азық-түлік атауы ғана емес, олар — этностың өмірлік философиясын, наным-сенімін, салт-дәстүрі мен табиғатқа қатынасын бейнелейтін мәдени-символдық таңбалар. Мақалада этнолингвистикалық, мәдени-семантикалық, тарихи-салыстырмалы және дискурстық талдау әдістері арқылы қазақ тіліндегі тағам атауларының этимологиясы, морфологиялық құрылымы, семантикалық топтары және мәдени код ретіндегі рөлі жан-жақты сипатталады. Ас атауларының құрамындағы түбір, жұрнақ, сапалық сындар мен бейнелі элементтер олардың уәжділігін, бейнелілік деңгейін және этномәдени мазмұнын ашуға бағытталған. Сонымен қатар әр тағам атауының ар жағында жатқан прагматикалық, ритуалдық және символдық мән-мағына айқындалады. Зерттеу барысында тағам атаулары үш негізгі мәдени концепт аясында жүйеленеді: ет (мәртебе, қонақжайлық, ерлік), нан (береке, тұрмыс, әйел еңбегі), сүт өнімдері — ақ (тазалық, өміршеңдік, адалдық). Бұл үш концепт қазақ мәдениетінің терең қабаттарын, дүниетаным мен өмір сүру философиясын айқындайтын тірек ұғымдар ретінде қарастырылады. Әсіресе ас атаулары арқылы көрініс табатын «ақ дәм», «бас тарту», «сыбаға», «қазан» секілді ұғымдар мен дәстүрлердің тілдік және мәдени прагматикасы терең талданады. Сонымен қатар қазіргі жаһандану жағдайында кейбір ұлттық тағам атауларының ұмытыла бастауы, олардың тарихи-семантикалық реконструкциясы мен мәдени маңызын қайта жаңғырту қажеттілігі де қозғалады. Бұл орайда, «түте», «майшұрқан», «бұқпа», «жөргем» сияқты сирек кездесетін атаулардың тарихи негізі, морфологиялық құрылымы және этнолингвистикалық мазмұны ашылады. Ас атаулары тек қана тұрмыстық қажеттілікті емес, сонымен бірге әлеуметтік иерархияны, этикалық қатынастарды және ұжымдық мәдени жадыны бейнелейді. Мақала нәтижесінде ұлттық тағам атаулары — қазақ халқының тарихи жадысы мен рухани болмысын сақтайтын, мәдени кодтарды ұрпаққа жеткізетін маңызды лингвомәдени дереккөзі ретінде ұсынылады. Бұл бағыттағы зерттеу — тілді мәдениетпен сабақтастыра отырып, ұлттық бірегейлікті, рухани мұра мен этностық болмысты танудың тиімді жолы ретінде бағаланады. Ұлттық тағам атауларының лингвомәдени сипатын зерттеу тек тіл мен мәдениеттің байланысын ашып қоймай, ұлттың рухани болмысын, мәдени тұрақтылығын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы зерттеулерді кеңейту — қазақ тіліндегі мәдени кодтарды жүйелі түрде танудың, сол арқылы ұлттық мәдениеттің әлемдік өркениет кеңістігіндегі орнын айқындаудың маңызды қадамы.

Кілт сөздер: ұлттық тағам атаулары, лингвомәдениет, этнолингвистика, рухани мұра, мәдени код, символдық мән, қазақ дүниетанымы, прагматикалық мағына.

Кіріспе

Тіл — кез келген ұлттың өзіндік болмысын, мәдени бірегейлігін сақтайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін баға жетпес қазына. Халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі, дүниетанымы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы тіл арқылы көрініс тауып, оның сөздік қорында мәңгілікке таңбаланады [1]. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық мәдениеттің ажырамас бір бөлігі саналатын ас-су, тағам атауларын зерттеудің лингвомәдениеттану ғылымы үшін маңызы зор [2].

Қазақ халқының дәстүрлі тағамдар жүйесі оның көшпелі өмір салтымен және төрт түлік мал шаруашылығымен тығыз байланыста қалыптасқан [3]. Ұлан-байтақ далада мал соңында жүрген ата-бабамыз үшін ас-су тек тіршілік көзі ғана емес, сонымен қатар табиғаттың қаталдығына төтеп берудің, қолда барды ұқсата білудің және әлеуметтік қарым-қатынасты реттеудің маңызды құралы болды. Осыған орай, «ет», «ақ», «қазы-қарта», «қымыз», «шұбат», «құрт» сияқты атаулардың астарында жай ғана лексикалық мағына емес, сонымен қатар терең тарихи, этнографиялық және символдық ақпарат жатыр [4]. Бұл атаулар арқылы біз халықтың әлемді қабылдау ерекшелігін,

* Хат-хабар үшін автор. E-mail: aizhan.boshen@gmail.com


қонақжайлылық философиясын, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрін және табиғат сыйына деген қастерлі көзқарасын тани аламыз.

Бүгінде тіл білімінде «ұлт-тіл-мәдениет» үштағанын біртұтас жүйеде қарастыратын лингвомәдениеттану ғылымының қарқынды дамуы — тілдік деректерді жаңа қырынан тануға мүмкіндік беруде [5]. Бұл бағыт аясында тағам атауларын зерттеу — орта ғасырлардағы қыпшақ жазба ескерткіштерінен бастау алатын тілдік сабақтастықты және ұлттық дүниетанымның тұрақтылығын дәлелдейтін маңызды сала. Ғасырлар ауысып, қоғамдық-саяси жағдайлар өзгерсе де, негізгі тағам атаулары мен олармен байланысты ұғымдар тілде сақталып, халықтың тарихын және мәдениетін жалғастырып отырады.

Қазақ тіл білімінде ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісін, соның ішінде тамақ атауларының лексика-семантикалық жүйесін зерттеу — этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың өзекті бағыттарының бірі [6]. Бұл тұрғыда М. Атабаева ұлттық тағам атауларының тек тілдік бірлік емес, сонымен бірге ұлттың мәдени тәжірибесін бейнелейтін дискурстық құрылым екенін дәлелдейді [7]. Мақалада авторлар Ш. Сарыбаевтың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ тіліндегі аймақтық лексиканың этномәдени мазмұнын, оның ішінде тағам атауларының диалектілік және мәдени ерекшеліктерін саралайды. Ш. Сарыбаевтың тілдік мұрасында аймақтық сөздер тек фонетикалық немесе морфологиялық айырмашылық ретінде емес, жергілікті халықтың тұрмыс салты мен шаруашылық дәстүрінің көрінісі ретінде қарастырылады. Мәселен, бір өңірде «сірне» сөзі майлы ет тағамын білдірсе, басқа аймақта ол қуырдақтың ерекше түрін атауы мүмкін. Бұл айырмашылықтар тіл мен мәдениеттің өзара байланысының, географиялық және әлеуметтік факторлардың тілдік бейнеге әсерін көрсетеді. Г.А. Мейрманова еңбегінде қазақ халқының дәстүрлі тамақтану жүйесі мен сүт тағамдарының этнографиялық және мәдени ерекшеліктері жан-жақты талданады. Автор сүт өнімдерін зерттеу — тек этнографиялық емес, сонымен бірге ұлттық құндылықтар мен өмір салтының айнасы екенін атап өтеді. Қазақ халқының «ақ» ұғымына ерекше мән беруі сүт тағамдарының тұрмыс пен руханияттағы орнын айқындайды. «Ағы бардың бағы бар» деген мақал сүттің қасиетті тағам ретіндегі символдық мәнін көрсетеді, өйткені ол — молшылықтың, тазалықтың және берекенің нышаны [8].

Е.А. Юрина тілдік бейнелілік, мәдени код және когнитивтік метафора теорияларын өзара байланыстыра отырып, интерлингвалды бейнелілікті дербес лингвокогнитивтік категория ретінде негіздейді [9]. Зерттеу нысаны ретінде Е.А. Юрина орыс және қазақ тілдеріндегі тамақ метафораларының сөздіктерін қолданады. Бұл сөздіктер біртұтас идеографиялық және концептуалдық модель негізінде жасалған. Осы модельдің басты мақсаты — екі тілдегі тағам атауларының бейнелі, метафоралық және мәдени интерпретациясын салыстырмалы түрде көрсету. Мысалы, «нан», «ас», «дәм», «тұз», «сүт», «ет» сияқты лексемалар екі тілде де тұрмыс пен адам өмірінің негізін білдіретін метафоралық өзек қызметін атқарады. Дегенмен олардың мәдени мәні мен символдық мағынасы ұлттық дүниетаным ерекшеліктерімен сараланады. Қазақ тілінде «ақ» — тазалық пен адалдықтың, «нан» — құт пен берекенің, «ет» — мәртебе мен қонақжайлықтың символы болса, орыс тіліндегі «хлеб», «соль», «сладкий», «горький» метафоралары еңбектің, тағдырдың және өмірдің дәмдік бейнелерімен ұштасады.

А. Уызбаеваның пікірінше, қазақ тағамы — бұл мәдени таңбалар жүйесі, онда әрбір ас түрі мен оны ұсыну рәсімі әлеуметтік қатынастар мен адамгершілік құндылықтарды бейнелейді [10]. Зерттеу нысаны ретінде «сыбаға» дәстүрі алынған. Бұл ұғым қазақ мәдениетінде қонақжайлылықтың, құрметтің және әлеуметтік иерархияның белгісі ретінде қарастырылады. Сыбаға — еттің арнайы бөлінген үлесі, оның әр бөлігі белгілі бір адамға, туыстық қатынасына немесе мәртебесіне қарай арналады. Мысалы, қадірлі қонаққа бас тарту, күйеу балаға төс беру, құрдасқа бел табақ ұсыну сияқты дәстүрлер қазақтың тағамдық этикеті мен мәдени рәміздерінің көрінісі. Леви-Стросстың «тамақ — тіл секілді құрылымдық жүйе» деген қағидасы қазақ тағамдарының мәдени семантикасын түсіндіруде әдіснамалық негіз болған. Ал Барттың «тамақ әлеуметтік мағыналар жүйесін қалыптастырады» деген тұжырымдары қазақтың қонақ күту дәстүріндегі таңбалық белгілерді түсіндіруге мүмкіндік берген. Автор қазақ тағамының семиотикасын үш деңгейде қарастырады (1-сурет).



1-сурет. Қазақ тағамының семиотикасының деңгейлері

Югор мемлекеттік университетінің ғалымдары — Л. Андреева, О.Хопияйнен жастар арасындағы тамақтану дәстүрлерінің өзгерісін, олардың ұлттық асқа қатысын және ұлттық тағамның этникалық өзін-өзі танудағы рөлін анықтауға бағытталған [11]. Авторлар этномаркер ұғымын этностың өзін өзгелерден ажыратып тұратын мәдени белгі ретінде қарастырады. Тіл, дәстүр, тұрмыс және ұлттық тағам — сол белгілердің маңызды бөлігі. Ұлттық ас — халықтың өмір салтының, дүниетанымының және құндылықтарының айнасы. Мақалада тағам тек физикалық қажеттілік емес, мәдени коммуникацияның символдық құралы ретінде сипатталады. А. Вежбицкая мен А.В. Павловскаяның еңбектеріне сүйене отырып, авторлар ұлттық тағам дәстүрлерінің ұзақ ғасырлар бойы тұрақтылығын және мәдени код ретіндегі маңызын атап өтеді [12]. Ас мәдениеті — ұлттың рухани кодының бір бөлігі, ал тағам даярлау мен тұтыну әрекеті — адамның өз этносына қатысын сезіндіретін ритуалдық әрекет.

М. Төлегенова тарихи-лингвистикалық әдісті қолдана отырып, қазақ және түрік тілдеріндегі сүт өнім атауларының даму сатыларын көне түркі жазба ескерткіштерімен және қазіргі әдеби тіл материалдарымен салыстырады. Бұл тәсіл арқылы сөздердің фонетикалық және мағыналық эволюциясы анықталып, тілдік туыстықтың үзілмегендігін дәлелдейді [13]. Г. Смағұлованың зерттеуінде қазақ мәдениетінде ет, сүт, нан концептілері тек азық-түлік емес, байлық, береке, қонақжайлылық және тіршілік көзі секілді абстрактілі ұғымдарды білдіреді. Мысалы, «Ас — адамның арқауы» деген мақалдағы ас сөзі метафоралық тұрғыдан өмірдің, күш-қуаттың нышаны ретінде жұмсалады [14].

Қазақ тіл білімінде тағам атауларына қатысты зерттеулер алғашында этнографиялық сипатта болды. Белгілі этнограф С. Кенжеахметұлының еңбектерінде («Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары») ұлттық тағам тек ас емес, әлеуметтік қатынастарды реттеуші құрал ретінде сипатталады. Бас тарту, сыбаға, ерулік, қонақасы сияқты дәстүрлер тағам арқылы адам мен қоғамның өзара байланысын бейнелейді [15].

Этимологиялық тұрғыдан алғанда, Ә. Қайдардың еңбектері тағам атауларының түп-төркінін ашуға зор үлес қосты. Ғалымның пайымдауынша, қазақ тіліндегі көптеген ас атаулары көне түркі негіздерінен тараған және мал шаруашылығымен тығыз байланысты. Мысалы, қазы, жая, қымыз, шұбат, қуырдақ сияқты атаулар халықтың тіршілік кәсібін көрсетсе, сүр, майлау, ашыту сияқты сөздер тағамды дайындау технологиясын бейнелейді [16].

Зерттеулердің соңғы бағыттарының бірі — ұлттық тағам атаулары мен гастрономиялық дискурстың лингвомәдени сипатын салыстырмалы тұрғыда талдау. Бұл бағытта Ван Юй мен Е.В. Харченконың еңбегі ерекше назар аударарлық. Авторлар орыс және қытай мәдениеттеріндегі гастрономиялық дискурстың ерекшеліктерін анықтап, ұлттық тағам мен дәм сезімінің мәдени сәйкестендірудегі рөлін қарастырады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, гастрономиялық дискурс тек биологиялық қажеттілік емес, ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі және тұлғаның мәдени өзіндік сәйкестігін қалыптастыратын құрал [17].

Т.В. Морозкина, А.Ю. Антонова еңбегінде гастрономиялық дискурс ұғымы тіл мен мәдениеттің өзара байланысын айқындайтын маңызды лингвомәдени категория ретінде қарастырылады. Авторлар неміс және славян тілдік топтарының (чех және неміс тілдері) гастрономиялық номинацияларын салыстыра отырып, олардың семантикалық және мәдени ерекшеліктерін анықтауға тырысады. Мақалада гастрономиялық лексика ұлттық мінезді, тұрмыс салтын және дәмдік талғамды танытатын мәдени код ретінде сипатталады. Тіл мен мәдениет арасындағы өзара тәуелділік теориясына сүйене отырып, авторлар тағамға қатысты номинациялардың семантикалық өрісін анықтап, олардың логико-семантикалық құрылымын талдайды [18].

Соңғы жылдары ұлттық тағамдардың лингвомәдени және этнографиялық табиғатын зерттеуге арналған еңбектер саны артып келеді. Бұл бағытта бірқатар ғалымның еңбектері қазақ мәдениетін жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді. А.Т. Оналбаева, Б.С. Жұмағұлова еңбегінде қазақ мәдениетіндегі «гастика» ұғымы кеңінен қарастырылған. Авторлар тағам мен дастарқанның тек тамақтану үдерісі емес, коммуникацияның бейвербалды формасы екенін дәлелдейді. Дастарқан қазақ мәдениетінде қонақжайлықтың, сыйластықтың және рухани қарым-қатынастың негізгі ұғымы ретінде сипатталады. Ұлттық тағамдар мен олардың құрамдас бөліктерінің символдық мәні арқылы авторлар мәдени семантиканы және ұлттың дүниетанымдық кодын айқындайды [19].

А. Леонова, Қ. Коптлеуова мақаласында тағам атаулары қатысқан фразеологиялық бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктері зерттеледі. Авторлар тағам атауларының фразеологиялық қолданыста ұлттық мәдениет пен халықтық дүниетанымды бейнелейтінін атап өтеді. Мысалы, «ас — адамның арқауы», «дәм-тұз бұйырса» сияқты тіркестердің астарында тағам арқылы берілетін ризашылық, адалдық және бірлік идеялары жатыр. Мұндай фразеологизмдер тілдің мәдени қызметін және этностың символдық санасын көрсетеді [20].

А.А. Алимбаева еңбегінде тағам мен сәйкестіктің байланысы интернет-дискурста қарастырылады. Автор «бешбармақ» пен «палау» тағамдарының Орталық Азия халықтарының ұлттық бейнесін қалыптастырудағы рөлін талдай отырып, тағамның медиакеңістіктегі ұлттық рәмізге айналу процесін ашады. Зерттеу көрсеткендей, тағам арқылы ұлт өз мәдени беделін халықаралық деңгейде танытады және тарихи-мәдени мұрасын цифрлық кеңістікте жаңғыртады [21].

Ф.Т. Курманғали, Г.Б. Мамаева мақаласында қазақ халқының дәстүрлері мен салттарының ұлттық код ретіндегі маңызы көрсетілген. Авторлар тіл мен мәдениеттің байланысы арқылы дәстүрлердің ұлт руханиятындағы орны мен қызметін анықтайды. Ас беру, дастархан жаю, қонақ күту дәстүрлері халықтың мәдени жадында сақталған символдық мәнге ие болып, ұлттың рухани бірегейлігін айқындайды [22]. Этнолингвистикалық және лингвомәдени тұрғыдан қарағанда, олар халықтың дүниетанымын, мінезін, салт-дәстүрін және құндылық жүйесін бейнелейді. Сондықтан тағам атауларының зерттелуі арқылы ұлттық мәдени дискурстың негізгі бағыттары мен семиотикалық құрылымы айқындалады.

Жоғарыда қарастырылған еңбектерді саралай келе, тағам атауларының зерттелуі қазіргі тіл білімінде тек лексикалық деңгеймен шектелмей, олардың мәдени, когнитивтік және әлеуметтік қырларын қамтитын кешенді бағытқа айналғанын байқауға болады. Әр зерттеуші бұл құбылысты өз әдіснамалық тұрғысынан түсіндіргенімен, олардың барлығын біріктіретін ортақ тұжырым — тағам атауларының мәдени мағына тудыратын және адам тәжірибесін бейнелейтін тілдік бірлік екендігі.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық тағам атауларын тек атау ретінде емес, мәдени мазмұнды жеткізетін және әлеуметтік қатынастарды бейнелейтін күрделі тілдік құбылыс ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Бұл бағыт зерттеу барысында тағам атауларының мәдени қызметін жүйелі түрде талдауға негіз болады.

Мәдени дискурс деп тіл арқылы жүзеге асатын, белгілі бір этностың дүниетанымын, құндылықтар жүйесін, әлеуметтік тәжірибесін және мәдени мағыналарын бейнелейтін коммуникативтік кеңістік түсініледі. Осы тұрғыдан алғанда, тағам атаулары мәдени дискурстың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, олар арқылы ұлттық дүниетаным мен әлеуметтік қатынастардың тілдік көрінісі айқындалады. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты — ұлттық тағам атауларының лингвомәдени сипатын мәдени дискурс аясында кешенді түрде талдау және олардың ұлттық дүниетанымдағы орнын айқындау.

Зерттеу нысаны — қазақ тіліндегі ұлттық тағам атаулары.

Зерттеу пәні — ұлттық тағам атауларының мәдени дискурс шеңберіндегі қызметі мен лингвомәдени ерекшеліктері.

Зерттеу міндеттері:

– ұлттық тағам атауларын семантикалық тұрғыдан жүйелеу;

– олардың мәдени және символдық мәнін анықтау;

– тағам атауларының морфологиялық құрылымын талдау;

– ұлттық тағам атауларының мәдени дискурстағы қызметін айқындау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің басты әдістемелік ұстанымы — лингвомәдениеттанулық және этнолингвистикалық әдіснаманы ұштастыру. Бұл тәсіл тағам атауларының тек лексикалық мағынасын ғана емес, олардың

артындағы мәдени, символдық және танымдық мазмұнды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тарихи-салыстырмалы, семантикалық, құрылымдық пен дискурстық талдау әдістері қолданылды.

Этнолингвистикалық талдау тағам атауларының ұлттық дүниетанымдағы рөлін, олардың әлеуметтік және ритуалдық қызметін сипаттауға мүмкіндік берді. Осы бағытта ас атауларының уәжділігі, символдық мәні, фольклор мен салт-дәстүрдегі қолданысы жүйеленді.

Лингвомәдениеттанулық әдіс арқылы тағам атауларының мәдени код ретіндегі қызметі қарастырылды. Бұл тәсілде тағам атауының мәдени семантикасы мен тілдік көрінісі арасындағы байланыс айқындалды.

Семантикалық және құрылымдық талдау нәтижесінде тағам атауларының морфологиялық модельдері (түбір+жұрнақ, түбір+сын, бейнелі құрылым) және олардың уәждік типтері анықталды.

Дискурстық талдау әдісі тағам атауларының әлеуметтік-коммуникативтік қызметін зерттеуге бағытталды. Асқа қатысты тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, рәсімдік терминдер мен тыйым сөздер мәдени мәтін ретінде қарастырылып, олардың прагматикалық мағынасы мен қолданылу аясы айқындалды.

Зерттеу барысында жинақталған материалдар сапалық сипаттағы талдауға негізделді. Сандық деректер жүйеленіп, семантикалық топтастыру әдісімен өңделді. Нәтижесінде қазақ тіліндегі ұлттық тағам атаулары семантикалық өріс, мәдени концепт және әлеуметтік қызмет тұрғысынан кешенді түрде сипатталды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ халқының ұлттық тағам атаулары — ұлттың өмір сүру салты, кәсібі мен дүниетанымының айнасы. Зерттеу нәтижелері бойынша, ұлттық ас атаулары семантикалық және мәдени тұрғыдан бірнеше ірі топқа жіктеледі. Бұл жіктеу олардың шығу тегін, атау уәжділігін түсінуге мүмкіндік береді. Тамақ атауларының жүйесі тек гастрономиялық немесе тұрмыстық лексика шеңберінде ғана қарастырылмайды, ол сонымен қатар ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі, халықтың этнотаңбалық жадында сақталған құндылықтар жүйесі ретінде танылады.

Қазақ тіліндегі ас атауларының көпшілігі мал шаруашылығына, табиғатпен үндес өмірге, тұрмыс-тіршіліктің қарапайым еңбек түрлеріне және адамгершілік қағидаттарына негізделген [23]. Мысалы, еттен жасалған тағамдар халықтың дәстүрлі кәсібі — мал шаруашылығы мен қонақ күту дәстүрінің айғағы болса, ұннан жасалған тағамдар — әйел еңбегі мен дастарқан мәдениетінің символы. Ал сүт пен дән тағамдары қазақтың табиғатқа жақындығын, тазалық пен өміршеңдік ұстанымын бейнелейді.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық тағам атауларының лексикасы тек материалдық өмірдің бөлшегі емес, сонымен қатар рухани-танымдық кеңістіктің маңызды бөлігі болып саналады. Әрбір атаудың артында этностың мінез-құлқы, дүниетанымы, әлеуметтік қатынастары мен этикалық ұстанымдары көрініс табады [24].

Төмендегі кестеде қазақ халқының ұлттық тағам атауларының мәдени-танымдық жіктелімі жүйеленіп көрсетілді (1-кесте):

1 - к е с т е

Қазақтың ұлттық тағам атауларының мәдени-танымдық жіктелімі

№	*Топ атауы*	*Негізгі мағыналық өріс*	*Мысалдар*	*Мәдени код*
1	2	3	4	5
1	*Еттен жасалған тағамдар*	*Мал шаруашылығына, қонақжайлыққа, мәртебе мен дәстүрге қатысты. Бұл топқа кіретін тағамдар — көшпенді өмірдің тірегі, елдіктің нышаны*	*қазы, қарта, жал, жая, бас, сүр ет, қуырдақ, сірне*	*Байлық пен тектіліктің, ерліктің және сыйластықтың белгісі. Ет тағамдары дәстүрлі қазақ қоғамында мәртебе мен құрметтің өлшемі болған*
2	*Ұннан жасалған тағамдар*	*Еңбек, тұрмыс, дастарқан мәдениетінің көрінісі. Бұл тағамдар көбіне әйелдер еңбегінің нәтижесі әрі қонақ күту рәсімінің негізгі элементі*	*бауырсақ, шелпек, қаттама, салма, таба нан, мыжыма*	*Қонақжайлық, береке, мейірім, отбасы құндылықтары. Нан — қазақ мәдениетінде «құт» пен «несібе» символы ретінде қаралады.*

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
3	*Сүт және дән тағамдары*	*Табиғатпен үндестік, тазалық пен өмірдің жалғастығын бейнелейді. Бұл тағамдар мал шаруашылығы мен табиғи экологиялық танымның жемісі*	*қымыз, шұбат, қатық, құрт, ірімшік, жент, талқан*	*Өміршеңдік, денсаулық, рухани тазалық пен табиғатпен біртұтастық идеялары. Сүт өнімдері «ақ» концептісін білдіріп, адалдық пен молшылықтың нышаны болған*

Бұл жүйелеу ұлттық тағам атауларының әрқайсысы тек белгілі бір тағам түрін білдіріп қана қоймай, сонымен қатар мәдени ақпарат тасымалдаушы концепт екенін көрсетеді. Ет тағамдары арқылы қазақ халқының мәртебелік қатынастары мен әлеуметтік иерархиясы көрініс тапса, ұн өнімдері тұрмыстық мәдениеттің нәзік бейнесін айшықтайды [25]. Ал сүт пен дән тағамдары — халықтың экологиялық мәдениетін, табиғатпен біте қайнасқан өмір философиясын бейнелейді.

Ас атауларының көпшілігі табиғи материалға, пісіру тәсіліне немесе дәмдік сапасына негізделіп қалыптасқан. Бұл ерекшелік қазақ тілінің номинативтік жүйесінде дүниені танудың практикалық және символдық екі деңгейінің қатар өмір сүретінін көрсетеді.

Мысалы, қазы, қарта, жал, жая сияқты атаулар — «ет» концептісінің этномәдени өзегін құрайды. Бұл атауларда жылқы культі, ерлік пен мәртебе символы, қонақ күту дәстүрі тоғысып жатыр. Қазақ үшін жылқы — тек мал емес, ердің серігі, ұлттың символы. Сондықтан жылқы етінен дайындалатын тағамдар тілдік тұрғыдан да жоғары әлеуметтік мәнге ие. Мұндай атаулардың семантикасы байлық, ерлік және сый-құрмет ұғымдарымен сабақтасып, ұлттық мәдениеттегі әлеуметтік иерархия мен этикалық нормаларды бейнелейді.

Бауырсақ, шелпек, қаттама сынды атаулар «нан» концептісін бейнелейді. Қазақ мәдениетінде нан — «құт», «несібе», «береке» ұғымдарымен тығыз байланысты. Нанды қадірлеу дәстүрі, оны «ас атасы» деп тану, тілдік бейнелерде «нанды баспа», «нанның киесі ұрады» деген нанымдар арқылы көрініс табады. Нан атаулары әйел еңбегімен, отбасылық үйлесіммен, қонақжайлықпен және тұрмыстық мәдениетпен байланысып, әйел еңбегінің әлеуметтік маңызын тілдік деңгейде айқындайды.

Ал құрт, қымыз, айран, қатық сияқты сүт өнімдерінің атаулары — қазақ дүниетанымындағы «ақ» концептісінің көрінісі. «Ақ» сөзі қазақ мәдениетінде тазалықтың, адалдықтың, өмір мен берекенің символы болып есептеледі. Осыған сәйкес, сүт өнімдері тек тағамдық мағынамен шектелмей, тілде рухани-символдық мазмұн алады. Қазақта «ақ дәм», «ақ тілеу», «ақ жол», «ақ бата» сияқты тіркестердің болуы да осы мәдени кодтың тілдегі тұрақтылығын дәлелдейді (2-кесте).

Осылайша ұлттық тағам атаулары белгілі бір мәдени концептіні бейнелей отырып, халықтың дүниетанымдық жүйесін тілдік формада сақтап, ұрпаққа жеткізуші құрал қызметін атқарады. Әрбір атау белгілі бір мәдени архетипке сүйенеді: ет — ерлік пен мәртебенің, нан — құт пен еңбектің, ал сүт — өмір мен тазалықтың таңбасы.

2-кесте

Ұлттық ас атауларының мәдени-символдық мәні мен тілдік бейнелеу тәсілі

Концепт	*Негізгі ас атаулары*	*Мәдени-символдық мәні*	*Тілдік бейнелеу тәсілі*
Ет	*қазы, бас, сүр ет, қуырдақ*	*Ерлік, мәртебе, қонақжайлық. Ет — ер адамның, батырдың, құрметті қонақтың асы*	*Метонимия — (мүше — адам қасиеті). Мысалы, «қазы» — байлықтың, «бас тарту» — құрметтің нышаны*
Нан	*бауырсақ, шелпек, таба нан*	*Құт-береке, әйел еңбегі, тұрмыс бірлігі. Нан — тіршілік нышаны, дастарқан құты*	*Метафора — (нан — өмірдің наны, тіршіліктің өзегі). «Ас атасы — нан» тұрақты тіркесі — осының дәлелі*
Сүт	*қымыз, қатық, құрт, айран*	*Тазалық, өміршеңдік, денсаулық. Сүт — жер-анамен, табиғатпен үндестіктің символы*	*Символ — (ақ түс — пәктік, адалдық). «Ақ дәм бұзылмасын», «ақ тілеу» сияқты тіркестер — сүт мәдениетінің тілдік көрінісі*

2-кестеде көрсетілген деректер ұлттық тағам атауларының мәдени-символдық мәні мен тілдік бейнелену тәсілдерінің өзара тығыз байланыста екенін аңғартады. Алайда бұл байланыс тек жалпылама сипатта емес, нақты тілдік және мәдени уәждерге негізделеді.

Мысалы, «ет» концептісіне қатысты атаулардың (қазы, бас, сүр ет) мәдени мәні қазақ қоғамындағы әлеуметтік иерархиямен тікелей байланысты. «Бас тарту» дәстүрінде малдың басы ең құрметті қонаққа ұсынылады, бұл оның жоғары мәртебесін білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, «бас» сөзі тек анатомиялық ұғым емес, әлеуметтік статустың метонимиялық көрсеткіші ретінде қызмет атқарады. Сол сияқты «қазы» атауы да тек тағам емес, молшылық пен ауқаттылықтың белгісі ретінде мәдени дискурста тұрақты мағынаға ие.

«Нан» концептісіне қатысты атаулар (бауырсақ, шелпек, таба нан) қазақ дүниетанымында «құт» және «несібе» ұғымдарымен байланысты. «Ас атасы — нан» тіркесінде нан өмірдің негізі ретінде метафораланады. Бұл жерде метафора тек тілдік тәсіл емес, ол халықтың дүниетанымдық моделін көрсететін құрал. Нанның әйел еңбегімен байланыстырылуы да оның мәдени семантикасын тереңдете түседі.

Ал «сүт» концептісіндегі атаулар (қымыз, құрт, айран) «ақ» ұғымы арқылы символдық мәнге ие болады. Қазақ мәдениетінде «ақ» түсі тазалық пен адалдықтың белгісі ретінде қабылданады. «Ақ тілеу», «ақ жол» сияқты тұрақты тіркестер бұл символиканың тілдік деңгейде бекігенін көрсетеді. Осыған сәйкес, сүт тағамдары тек тағам емес, рухани тазалық пен өміршеңдіктің мәдени белгісі ретінде қарастырылады.

Осылайша ұлттық тағам атауларының мәдени-символдық мәні олардың тілдік құрылымында, тұрақты тіркестерде және салт-дәстүрлік қолданыста нақты көрініс табады. Бұл олардың мәдени дискурс аясында көпқабатты семантикалық жүйе ретінде қызмет ететінін дәлелдейді.

Ұлттық тағам атауларының лингвомәдени тұрғыдан талдануы олардың семантикалық көпқабаттылығын және тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын айқындайды. Қазақтың ас атаулары — этностың өмір философиясын бейнелейтін таңбалық жүйе, онда табиғат, тұрмыс, адамгершілік пен рухани дүниетаным біртұтас мәдени кодқа бірігеді.

Қазақ тіліндегі ұлттық тағам атаулары — халықтың тұрмыс-тіршілігімен, шаруашылығымен және танымдық тәжірибесімен тығыз байланысты тілдік бірліктер. Олар тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, этнолингвистикалық жадтың көрінісі ретінде де танылады. Әрбір ас атауының жасалу құрылымы оның уәжділігін, мәдени-танымдық сипатын және ұлттық дүниетанымдағы орнын айқындайды.

Тамақ атауларының басым бөлігі сөзжасамдық тәсілдер арқылы қалыптасқан. Мұндай тәсілдерде түбір мен қосымша, не болмаса бейнелі элементтердің үйлесімі арқылы тағамның түрі, дайындалу тәсілі немесе дәмдік сапасы атауға негіз болады. Бұл құбылыс қазақ тілінің ономасиологиялық жүйесінде ерекше маңызды, себебі тіл арқылы халықтың материалдық тәжірибесі мен рухани дүниесі көрініс табады.

Зерттеу барысында анықталғандай, ұлттық тағам атауларының морфологиялық құрылымы негізінен үш типтік модельге топтастырылады:

- Түбір мен жұрнақтың бірігуі арқылы жасалған атаулар;
- Түбір мен сапалық сынның тіркесуі арқылы жасалған атаулар;
- Бейнелі, метафоралық сипаттағы атаулар.

Бұл модельдер қазақ халқының ойлау жүйесінің ерекшелігін, ас атауларының семантикалық нақтылығын және мәдени бірлігін түсінуге мүмкіндік береді (3-кесте).

3 - к е с т е

Ұлттық тағам атауларының морфологиялық модельдері мен этнолингвистикалық уәждері

Модель түрі	*Мысалдар*	*Тілдік және мәдени талдау*
1	*2*	*3*
1. Негізгі түбір + зат есім тудырушы жұрнақ (-ақ, -ек, -ма, -па)	*бауыр-сақ, шел-пек, май-шұрқан, төң-кер-ме*	*Мұндай атаулар көбінесе қимыл-әрекеттен туындаған. Яғни тағам дайындау үдерісі мен нәтижесін сипаттайды. Мысалы, бауырсақ — «бауыр» (жылы, жұмсақ) және «сақ» (зат есім тудырушы жұрнақ), шелпек — «шел» (жұқа) + «-пек» (өнім). Бұл құрылым қазақ тілінде әрекет пен нәтиже арасындағы байланысқа негізделген атауларды көрсетеді*

3-кестенің жалғасы

1	2	3
2. Түбір + сапалық сын	*қара қуырдақ, сары май, ақ ірімшік*	*Бұл модель түстің, дәмнің немесе күйдің сипатын білдіреді. Мысалы, сары май — таза табиғи майдың түрін сипаттайтын атау, ақ ірімшік — сүт тағамының түс және тазалық концептісімен байланысқан. Мұндай атаулар халықтың эстетикалық талғамы мен табиғатты бейнелі тану қабілетін көрсетеді*
3. Түбір + метафоралық немесе бейнелі белгі	*төңкерме, бұқпа, шыж-быж, майшұрқан*	*Бұл топтағы атаулар қимыл мен дыбыс имитациясына, яғни бейнелі еліктеуіш сипатқа негізделген. Шыж-быж — майдың шыжылдаған дыбысына еліктеу арқылы жасалған, төңкерме — тағамның дайындалу тәсілін сипаттайтын атау («төңкеріп пісіру»). Мұндай формалар тілдің бейнелілік қабатын айқындайды және халықтың тұрмыстық процестерді көркем қабылдауын көрсетеді*

Аталған модельдер қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде тағам атауларының семантикалық дәлдігі мен бейнелілігінің үйлесімділігін дәлелдейді. Яғни әрбір атау тек лексикалық бірлік қана емес, сонымен бірге халықтың когнитивтік тәжірибесін, тұрмыс мәдениетін және эстетикалық талғамын бейнелейтін этнолингвистикалық таңба.

Мысалы, шыж-быж атауындағы қайталама дыбыс құрылымы қимылдың дыбыстық сипатын дәл жеткізеді, ал майшұрқан сөзіндегі «шұрқан» элементі тағамның құрамында майдың көптігін, қанық дәмін білдіреді. Қара қуырдақ пен сары май сияқты тіркестерде сын есімнің қатысуы тағамның визуалды және сапалық белгілерін тілдік деңгейде сипаттайды.

Бұдан шығатыны — ұлттық ас атауларының морфологиялық жүйесі тек құрылымдық элементтерден тұрмайды, ол мәдени кодтың маңызды бөлігі. Сөздің түбірі мен жұрнағы, бейнелі элементтер мен метафоралар арқылы халық өз өмір салтын, табиғатқа көзқарасын және тұрмыстық философиясын танытқан.

Қазақ халқының ұлттық тағам мәдениеті — ғасырлар бойғы өмір-салтының, шаруашылық түрінің және экологиялық бейімделудің көрінісі. Дегенмен қазіргі урбанизация мен жаһандану үдерісі кейбір дәстүрлі ас түрлерінің қолданыстан шығып қалуына әкелді. Түте, төңкерме, майшұрқан, бұқпа, жөргем, қарын бөртпе сияқты атаулар бүгінде кең таралмағанымен, олардың астарында бай тарихи және лингвомәдени ақпарат сақталған.

Көптеген дәстүрлі тағам атауы белгілі бір өмір сүру жағдайына (жорық, қыстау, көш, қонақ күту, шаруашылық кезеңі) және практикалық қажеттілікке байланысты пайда болған. Мысалы, түте мен майшұрқан сияқты атаулар көшпелі өмірге тән — ұзақ сапарға, қиын жағдайда сақтауға ыңғайлы тағамдарды білдіреді. Ал бұқпа мен мыжыма — үй иесінің қонақ күту әдебін көрсететін, әлеуметтік контекстке негізделген ас түрлері (4-кесте).

Ұмыт болған осындай атаулардың әрқайсысы белгілі бір уақыттық және кеңістік семантикасына, яғни этнотарихи кезең мен тұрмыстық жағдайға қатысты туындаған.

4-кесте

Ұмыт болған тағам атауларының семантикалық реконструкциясы

Атауы	*Тарихи мәні*	*Семантикалық бірлігі*	*Қазіргі жағдайы*
1	*2*	*3*	*4*
Түте	*Жорық пен көш кезеңінде қолданылған, ұзақ сапарға арналған тағам*	*Түтеу (ұнтақтау, үгіту) етістігінен жасалған. Ұсақталып түйілген сүр ет — ұзақ сақтауға арналған жол азығы*	*Қазіргі қолданыстан шыққан. Тек этнографиялық деректер мен халық жадында сақталған*
Майшұрқан	*Қыста, жорық кезінде әзірленген қуатты ас*	*«Май» + «шұрқан» (араласқан, майлы) компоненттері — күш-қуат беретін тағамды бейнелейді*	*Тарихи дерек түрінде ғана сақталған, күнделікті қолданылмайды*
Бұқпа	*Қымыз ішілетін мезгілде немесе тосын келген сыйлы қонақтарға арналған жеңсік ас*	*«Бұқ» (бумен пісіру) — тағамның дайындалу тәсіліне негізделген атау. Еттің өз буымен пісірілуі — дәстүрлі экологиялық пісіру үлгісі*	*Өте сирек қолданылатын, аймақтық (этнографиялық) деңгейде сақталған*

4-кестенің жалғасы

Мыжыма	*Асығыс келген қонақтарға арнап тез дайындалатын тағам*	*«Мыжу» (араластыру, езудің) семантикасы тағамның жасалу тәсілін сипаттайды. Негізінен сары май мен ыстық наннан тұратын дәм*	*Кейбір аймақтық диалектілерде сақталған, бірақ жалпы тілдік қолданыстан шыққан*
Жөргем	*Қарынды, ішек-қарынды пайдалану арқылы дайындалған ет өнімі*	*«Жөргемдеу» — орау, қабаттау. Ішекке ет пен майды орап пісіру тәсілін бейнелейді*	*Этнографиялық деректерде кездеседі, қазіргі тағам мәдениетінде ұмытылған*
Қарын бөртпе	*Мал сойғаннан кейінгі етті қарынға салып пісіру дәстүрімен байланысты*	*«Қарын» — ыдыс орнына қолданылған табиғи қабық, «бөртпе» — қайнатылған, бұққан мағынасы бар*	*Кей жерлерде атауы ұмытылғанымен, пісіру әдісі кейде заманауи формада кездеседі*

4-кестеде ұсынылған ұмыт болған тағам атауларының семантикалық реконструкциясы олардың тарихи және тілдік табиғатын айқындауға мүмкіндік береді. Алайда мұндай реконструкция тек жекелеген болжамдарға емес, этнографиялық, тарихи және лексикографиялық деректерге сүйенуі қажет. Мысалы, «түте» атауының «түтеу» етістігімен байланысы қазақ тіліндегі етістік негізді номинация үлгісіне сәйкес келеді. Бұл үлгі туралы Ә. Қайдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылып, көптеген тұрмыстық атаудың іс-әрекет негізінде жасалатыны дәлелденген [16]. Осы тұрғыдан алғанда «түте» — тағам дайындау тәсілін білдіретін уәжді атау ретінде қарастырылады.

«Бұқпа» атауы да дәл осындай модельге жатады. Оның «бұқу» (бумен пісіру) етістігінен туындауы тағам атауларының технологиялық негізде қалыптасатынын көрсетеді. Мұндай атаулар қазақ халқының дәстүрлі тағам дайындау тәсілдерінің тілдегі көрінісі және этнографиялық деректерде де (С. Кенжеахметұлы) сипатталған. Ал «майшұрқан» және «мыжыма» сияқты атаулар бейнелі және дыбыстық-еліктеуіш сипаттағы сөзжасам үлгілеріне жатады. Бұл жерде тағамның консистенциясы мен дайындалу үдерісі тілдік форма арқылы бейнеленеді. Мұндай атаулар қазақ тіліндегі бейнелілік пен тұрмыстық тәжірибенің өзара байланысын көрсетеді.

«Жөргем» және «қарын бөртпе» атауларының құрылымында көне тұрмыстық лексика сақталған. «Жөргемдеу» (орау) және «қарын» (табиғи ыдыс) компоненттері дәстүрлі тағам дайындау тәсілдерінің нақты көрінісін береді. Бұл атаулар этнографиялық сипаттағы деректерде кездесіп, қазақ халқының материалдық мәдениетімен тікелей байланысты екенін дәлелдейді. Осылайша, ұмыт болған тағам атауларының семантикалық реконструкциясы олардың морфологиялық құрылымы, сөзжасамдық үлгілері және этнографиялық деректер арқылы негізделеді. Бұл атаулар кездейсоқ емес, белгілі бір тарихи-мәдени тәжірибенің нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдік бірліктер. Сондықтан оларды зерттеу ұлттық мәдени жадты қалпына келтірудің маңызды бағыты ретінде қарастырылады.

Семантикалық реконструкция әдісі арқылы осындай атауларды ғылыми тұрғыда жүйелеу — ұлттың материалдық және рухани мәдениетінің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Бұл атауларды зерттеу, қайта жаңғырту және тілдік айналымға енгізу — қазақтың этнолингвистикалық мұрасының тұтастығын сақтаудың бір жолы.

Прагматикалық деңгейде ас атаулары мен тағам түрлері әлеуметтік қатынастарды реттеуші құрал ретінде қызмет атқарады. Қазақ қоғамында асқа қатысты салттар мен дәстүрлердің әрқайсысы нақты әлеуметтік жағдайды бейнелейді.

Мысалы, айырылысар көже дәстүрі — қоштасу мен ризашылық білдірудің рәсімі, ал қара сыбаға — марқұмның аруағына тағам арқылы құрмет көрсету дәстүрі. Бұл дәстүрлерде тағам — қарым-қатынас құралы, символдық дәнекер.

Сонымен қатар «қонақ табақ тарту», «бас ұсыну», «сыбаға сақтау» сияқты әрекеттердің бәрі тілдік және мәдени дискурстың прагматикалық компоненттері ретінде танылып, ұлттың этикет жүйесін айқындайды.

Осы деңгейде тағам атаулары рөлдік мағына алады: кімге, қашан, қандай ас ұсынылады — осының бәрі қатысушылар арасындағы әлеуметтік иерархияны көрсетеді. Мәселен, «бас тарту» — құрметтің белгісі, ал «аяқ тарту» — өзара сыйластықтың көрінісі.

Осылайша дискурстық талдау нәтижелері ұлттық тағам атауларының тіл мен мәдениетті байланыстыратын коммуникативтік көпір екенін дәлелдейді. Әрбір тағам атауының қолданысы белгілі бір әлеуметтік жағдайды, дәстүрлі мінез-құлық үлгісін және рухани құндылықты бейнелейді.

Ұлттық ас атауларының лингвомәдени дискурсы қазақ халқының өмір философиясын, этикалық нормаларын және дүниетанымдық моделін тұтастай қамтиды. Демек, тағам туралы сөз — жай ғана тұрмыстық сипаттама емес, ол ұлттың тарихи жадындағы мәдени мәтін, ал ас атаулары — сол мәтіннің тілдік таңбасы.

Қазақ ырымдары мен тыйымдарында тағам атаулары қасиетті, тылсым күшке ие ұғымдармен астасып жатады. Мұнда ас тек қорек емес, адамның тағдыры мен рухани әлемімен байланыстырылған нышандық мән алады.

Нанды баспау, нанды жерге тастамау — нанның киесін қадірлеудің белгісі. Нан — «құт пен несібенің» символы.

Ақ дәм бұзылмасын — сүт тағамдарына қатысты этикалық ұстаным. «Ақ» сөзі адалдық, тазалық, рухани пәктік мағынасында қолданылады.

Қазан төңкермеу — отбасындағы береке мен тыныштықты сақтау ұстанымы. Қазан — үйдің «жаны», ошақтың киесі.

Құртты жерге тастамау, қымызды төкпеу — өнімнің қадірін білу ғана емес, табиғатқа құрметтің көрінісі.

Бас ұстап сөйлемеу, ет тураудағы тәртіп — үлкенге құрмет пен кішіпейілдіктің белгісі.

Мұндай ырымдар мен тыйымдар санада ас пен рух, тағам мен мінез арасындағы терең семантикалық байланысты көрсетеді. Әсіресе «ақ» түс пен сүт тағамдарына байланысты ұғымдар қазақтың моральдық мәдениетінің негізін құрайды.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерде ас атаулары метафоралық мазмұн арқылы өмірлік ұстанымдарды, адам мінезін және дүниетанымды бейнелейді (5-кесте).

5 - к е с т е

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерде ас атаулары

Ас атауы	*Тұрақты тіркес*	*Мағынасы / символдық мәні*
Нан	*Ас атасы — нан*	*Нан — тіршіліктің, еңбектің және құттың символы*
Сүт	*Ақ жол, ақ тілеу, ақ ниет*	*Ақ — адалдық, тазалық, мейірім белгісі*
Қазан	*Қазаны ортаймасын, қазан-ошағы бүтін*	*Үйдің, ошақтың, ұрпақтың тұрақтылығы, ырыс нышаны*
Ас	*Ас дәмін татты, ас ішіп, аяқ босату*	*Қарым-қатынас орнату, татулық пен ризалықты білдіреді*
Қаймақ / май	*Майдай жағу, қаймағы бұзылмау*	*Тәтті өмір, бейбітшілік, жарасымдылық*
Ет	*Ет жақын, ет бауыр*	*Туыстық, жақындық, эмоционалды байланыс*

5-кестеде ұсынылған тұрақты тіркестер ұлттық тағам атауларының тек номинативтік бірлік емес, сонымен қатар терең мәдени және когнитивтік мағынаға ие тілдік құрылымдар екенін көрсетеді. Алайда олардың мәні тек символдық сипатпен шектелмейді, ол нақты тілдік механизмдер арқылы қалыптасады.

Мысалы, «Ас атасы — нан» тіркесінде нан ұғымы метафоралық жалпылау арқылы «тіршіліктің негізі» ретінде концептуалданады. Бұл жерде нақты тағам атауы абстрактілі ұғымға (өмір, береке) ауысып, мәдени мағына тудырады. Сол сияқты «ақ жол», «ақ тілеу» тіркестерінде «ақ» компоненті түстік мағынадан алшақтап, символдық деңгейде адалдық пен тазалықты білдіреді. «Қазан-ошағы бүтін» тіркесінде «қазан» ұғымы метонимиялық жолмен отбасы, үй, тұрмыс ұғымдарын алмастырып тұр. Яғни зат атауы әлеуметтік кеңістіктің белгісіне айналады. Бұл қазақ мәдениетінде қазанның тек тұрмыстық зат емес, отбасының тұтастығын білдіретін символ екенін дәлелдейді. Ал «ет бауыр», «ет жақын» тіркестерінде «ет» сөзі биологиялық мағынадан ауысып, туыстық пен жақындықтың көрсеткішіне айналған. Бұл жерде адамның дене мүшесіне қатысты атау эмоционалдық және әлеуметтік қатынасты білдіретін метафоралық модель арқылы кеңейеді. Осылайша тұрақты тіркестер құрамындағы тағам атаулары метафора, метонимия және символизация сияқты тілдік механизмдер арқылы ұлттық дүниетанымды бейнелейтін күрделі лингвомәдени құрылым ретінде қалыптасады. Бұл олардың мәдени дискурс аясындағы қызметін айқындап, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын нақты деректер арқылы дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Бұл тіркестерде тағам атаулары бейнелі тілдік таңба ретінде адамның қарым-қатынасын, дүниетанымдық ұстанымын және мәдени болмысын білдіреді. Мысалы, «ет бауыр жақын» тіркесінде

биологиялық мағына (ет — ағза бөлігі) арқылы рухани жақындық ұғымы метафораланып тұр. Ал «қазаны ортаймасын» тіркесі отбасылық берекенің тұрақты символына айналған.

Ұлттық тағам атауларының мәдени және дискурстық қызметін нақты мәтіндер негізінде қарастыру олардың лингвомәдени табиғатын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда қазақ фольклоры тағам атауларының символдық және әлеуметтік мәнін айқын көрсететін маңызды дереккөзі болып табылады. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде тағам атаулары тек тұрмыстық элемент ретінде емес, кейіпкерлердің өмір сүру жағдайын, әлеуметтік мәртебесін және мәдени ортасын бейнелейтін маңызды белгі ретінде қолданылады. Атап айтқанда, Ерназар мен оның кемпірінің аштық кезеңінде «кер биенің төстігін асып жеп, әлденуі» эпизоды тағамның тек физиологиялық қажеттілік емес, өмірді сақтаушы күш ретінде қабылданатынын көрсетеді. Бұл жерде ет тағамы тіршілікті жалғастырудың негізгі көзі ретінде көрініс табады. Сонымен қатар ертегіде «қымызын көлдей, етін таудай қылып» деген сипаттама арқылы тағам молшылықтың, байлықтың және әлеуметтік мәртебенің көрсеткіші ретінде беріледі. Мұндай қолданыс тағам атауларының метафоралық кеңеюі арқылы мәдени мағына қалыптастыратынын дәлелдейді.

Бұл мысалдар тағам атауларының фольклорлық мәтіндерде тек атау қызметін атқармай, белгілі бір мәдени концепттерді (молшылық, өміршеңдік, мәртебе) бейнелейтін дискурстық құрал екенін көрсетеді. Осылайша, нақты мәтіндердегі қолданыс ұлттық тағам атауларының мәдени дискурс аясындағы қызметін нақты деректер арқылы айқындайды.

Зерттеу нәтижесінде ұлттық тағам атауларын талдаудың үш деңгейлі лингвомәдени моделі ұсынылды. Бұл модель тағам атауларын жеке лексикалық бірлік ретінде ғана емес, тіл, мәдениет, таным және әлеуметтік қатынас тоғысындағы күрделі таңбалық жүйе ретінде қарастыруға негізделеді. Модельдің басты мақсаты — ұлттық тағам атауларының мағынасын бір ғана қырынан емес, олардың құрылымдық, мәдени және коммуникативтік қызметімен бірлікте сипаттау.

Ұсынылған модель үш өзара байланысты деңгейден тұрады: семантикалық деңгей, мәдени-символдық деңгей және дискурстық деңгей. Бұл деңгейлер бір-бірінен оқшау қарастырылмайды. Керісінше олар тағам атауының толық лингвомәдени табиғатын ашатын өзара сабақтас жүйе ретінде танылады. Яғни белгілі бір тағам атауы алдымен нақты заттық мағынаға ие болады, кейін мәдени санада символдық мазмұн жинақтайды, ал нақты қолданыста әлеуметтік және коммуникативтік қызмет атқарады.

Бірінші деңгей — семантикалық деңгей. Бұл деңгейде тағам атауының тура мағынасы, лексикалық мазмұны, атаудың жасалу уәжі, құрамдық белгісі, дайындалу тәсілі және заттық ерекшелігі анықталады. Мысалы, қазы, қарта, жая, қуырдақ, құрт, бауырсақ, шелпек сияқты атаулар белгілі бір тағам түрін білдіреді. Олардың бірқатары тағамның құрамына, енді бірі дайындалу тәсіліне, пішініне немесе негізгі сапалық белгісіне байланысты қалыптасқан. Мәселен қуырдақ атауы тағамның қуырылу тәсілімен, құрт атауы сүт өнімінің кептірілген күйімен, бауырсақ атауы пішіндік және сапалық ерекшелігімен байланыстырылады. Демек, семантикалық деңгей тағам атауының бастапқы номинативтік қызметін, яғни затты атау және ажырату қызметін айқындайды.

Екінші деңгей — мәдени-символдық деңгей. Бұл деңгейде тағам атауының ұлттық дүниетаныммен, салт-дәстүрмен, наным-сеніммен, құндылықтар жүйесімен байланысы қарастырылады. Қазақ мәдениетінде тағам атаулары тек тұрмыстық қажеттілікті білдірмейді, олар белгілі бір мәдени мағынаны жинақтайды. Мысалы, ет тағамдары, әсіресе қазы, бас, жая, сүр ет сияқты атаулар қонақжайлық, мәртебе, сый-құрмет және әлеуметтік иерархия ұғымдарымен байланысты. Нан атаулары, атап айтқанда бауырсақ, шелпек, таба нан, құт-береке, несібе, отбасылық бірлік және дастарқан мәдениетімен ұштасады. Ал қымыз, шұбат, құрт, айран сияқты сүт өнімдері «ақ» концептісі арқылы тазалық, адалдық, өміршеңдік және молшылық мағыналарын білдіреді. Бұл деңгейде тағам атауы нақты тағам түрінен жоғары көтеріліп, ұлттық мәдени кодты сақтайтын символдық бірлікке айналады.

Үшінші деңгей — дискурстық деңгей. Бұл деңгейде тағам атауының нақты қарым-қатынас жағдайындағы әлеуметтік, прагматикалық және коммуникативтік қызметі талданады. Қазақ мәдениетінде тағам атаулары мен тағамға қатысты тіркестер адамдар арасындағы қатынасты реттеуге, құрмет білдіруге, туыстық байланысты нығайтуға, ризашылық танытуға және әлеуметтік мәртебені белгілеуге қатысады. Мысалы, «бас тарту» дәстүрі құрметті қонақтың мәртебесін көрсетсе, «сыбаға сақтау» туыстық қатынас пен сыйластықты білдіреді. «Дәм тату», «дәм-тұз бұйыру», «қазан-ошағы бүтін» сияқты тіркестер тағам атауларының тілдік қолданыста қарым-қатынастық мәнге ие

екенін дәлелдейді. Бұл деңгейде тағам атауы сөйлеу жағдаятымен, әлеуметтік рөлдермен және мәдени нормалармен тікелей байланысады.

Осы үш деңгейдің өзара байланысы ұлттық тағам атауларының лингвомәдени табиғатын толық ашуға мүмкіндік береді. Семантикалық деңгей тағам атауының негізгі мағынасын анықтаса, мәдени-символдық деңгей оның ұлттық санадағы орны мен құндылықтық мазмұнын көрсетеді. Ал дискурстық деңгей тағам атауының нақты мәдени ортадағы қызметін, яғни оның әлеуметтік қатынастарды реттеуші және мәдени мағына тудырушы құрал екенін айқындайды.

Модельдің әдістемелік маңызы ұлттық тағам атауларын талдауда бірізді ғылыми жүйе ұсынуымен ерекшеленеді. Біріншіден, кез келген тағам атауының тура мағынасы мен жасалу уәжі анықталады. Екіншіден, оның ұлттық дүниетанымдағы символдық мәні сараланады. Үшіншіден, сол атаудың нақты мәдени дискурстағы қолданысы мен прагматикалық қызметі талданады. Осылайша, модель тағам атауларын тек лексика-семантикалық тұрғыдан емес, этнолингвистикалық, лингвомәдени және дискурстық тұрғыдан кешенді зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде ұсынылған үш деңгейлі модель ұлттық тағам атауларының тілдік құрылымы мен мәдени мазмұнының өзара сабақтастығын көрсетеді. Бұл модель арқылы тағам атаулары қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, әлеуметтік қатынас жүйесін және рухани құндылықтарын бейнелейтін күрделі лингвомәдени бірлік ретінде сипатталады. Сондықтан ұлттық тағам атауларын зерттеу тіл мен мәдениеттің байланысын ғана емес, ұлттың тарихи жады мен мәдени бірегейлігін тануға да мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі ұлттық тағам атауларының лингвомәдени сипаты кешенді түрде талданып, олардың тек номинативтік бірлік емес, мәдени мағына тудыратын және ұлттық дүниетанымды бейнелейтін күрделі тілдік құрылым екені анықталды. Семантикалық талдау нәтижесінде тағам атауларының мағынасы заттық деңгеймен шектелмей, мәдени-символдық мазмұнмен сабақтасатыны дәлелденді. Осы негізде ұлттық тағам атаулары «ет», «нан» және «ақ (сүт)» концептілері аясында жүйеленіп, олардың қазақ халқының дүниетанымдық моделін бейнелейтін негізгі ұғымдар екендігі айқындалды. Этнолингвистикалық талдау тағам атауларының халықтың тұрмыс-тіршілігімен, шаруашылық тәжірибесімен және салт-дәстүрімен тығыз байланыста қалыптасқанын көрсетті. Нәтижесінде тағам атаулары ұлттық мәдени кодтың маңызды элементі ретінде қарастырылып, олардың тарихи және мәдени ақпарат тасымалдаушы қызметі анықталды.

Дискурстық талдау нәтижесінде тағам атауларының әлеуметтік және коммуникативтік қызметі айқындалып, олардың «бас тарту», «сыбаға», «дәм тату» сияқты дәстүрлер мен тұрақты тіркестер құрамында мәдени қатынастарды реттеуші құрал екендігі дәлелденді. Бұл тағам атауларының мәдени дискурс аясындағы прагматикалық маңызын нақты көрсетті.

Зерттеудің практикалық маңызы алынған нәтижелерді қазақ тілін оқытуда, ұлттық-мәдени лексиканы меңгертуде, сондай-ақ мәдениеттану және корпус лингвистикасы бағыттарында қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Ұсынылған жіктеу мен модель тілдік деректерді жүйелеуде және мәдени мазмұнды түсіндіруде әдістемелік негіз бола алады. Қорыта айтқанда, ұлттық тағам атаулары — қазақ халқының тарихи жадын, мәдени тәжірибесін және дүниетанымын сақтайтын маңызды лингвомәдени бірлік. Оларды кешенді зерттеу тіл мен мәдениеттің өзара байланысын терең түсінуге және ұлттық мәдени кодтарды жүйелі түрде тануға мүмкіндік береді.

Авторлардың қосқан үлесі

Бөшен А.Н. — тұжырымдама жасау; деректерді басқару; формалды талдау; зерттеу; әдіснама; мақаланың бастапқы жобасы; мақаланы шолу және редакциялау.

Салқынбай А.Б. — деректерді басқару; формалды талдау; зерттеу; тексеру; мақаланы шолу және редакциялау.

Әдебиеттер тізімі

1 Ермекова Т.Н. Қазақ тілі / Т.Н. Ермекова // Методическое пособие для учителей. — 2019. — С. 5–7.

2 Тымболова А.О. Ұлттық таным атауларының лингомәдениеттанымдық сипаты / А.О. Тымболова, А.С. Мурзинова // TILTANYM. — 2016. — № 2. — Б. 49–53.

3 Алпысбай Ә.М. Қазақтың дәстүрлі тағам мәдениеті және ислами нутрициология қағидаттарымен интеграциясы / Ә.М. Алпысбай, М.Р. Балтымова // Hikmet. — 2025. — № 2(4). — Б. 17–29.

4 Алимарданова М.К. Қазақтың ұлттық сүт тағамдарының инновациялық технологиясы / М.К. Алимарданова, А.Б. Итбалакова, Ж.М. Божимова // Алматы технологиялық университетінің хабаршысы. — 2012. — № 2. — Б. 5–8.

5 Ахметова Г.К. Тіл — мәдениетті танытушы құрал / Г.К. Ахметова, Ж.М. Байгожина // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. — 2021. — Т. 60, № 1. — Б. 33–44.

6 Өмірбекова Ж. Этномәдени компоненттің тіл мен мәдениет сабақтастығындағы орны / Ж. Өмірбекова // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. — 2025. — № 3. — Б. 88–98.

7 Атабаева М. Ш.Сарыбаев аймақтық лексикадағы тағам атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктері жайында / М. Атабаева, Л. Булекбаева, А. Жылқыбаева // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы. «Филология» сериясы. — 2020. — Т. 72, № 2. — С. 137–143.

8 Мейрманова Г.А. Қазақ халқының тамақтану жүйесі және сүттен жасалған тағамдарға сипаттама (салыстырмалы талдау) / Г.А. Мейрманова // Asian Journal» Steppe Panorama». — 2016. — № 2. — С. 165–170.

9 Юрина Е.А. Словари русской и казахской пищевой метафоры как источник изучения межъязыковой образности / Е.А. Юрина // Вестник Кокшетауского государственного университета имени Ш. Уалиханова. Серия филологическая.— 2018. — № 4. — С. 82–85.

10 Uyzbayeva A. Semiotics of traditional Kazakh food / A. Uyzbayeva // Opción: Revista de Ciencias Humanas y Sociales. — 2019. — No. 90. — P. 742–754.

11 Андреева Л.А. Язык, культура, питание: национальная кухня как этномаркер в молодежной среде / Л.А. Андреева, О.А. Хопияйнен, Н.В. Филимонова, А.В. Якимчук // Историческая и социально-образовательная мысль. — 2017. — Т. 9, № 6-2. — С. 147–153.

12 Оразалиева А.Н. Тіл бірлігі ұлт бірлігі. Тіл — бір ұлттың, тұтас халықтың баға жетпес қазынасы / А.Н. Оразалиева, Ж.А. Байзаков // International Multidisciplinary Conference. — 2023. — Б. 161–165.

13 Толегенова М. Қазақ және түрік тілдеріндегі сүт негізді өнім атауларының этнолингвистикалық сипаты / М. Толегенова // Tehlikedeki Diller Dergisi. — 2022. — Vol. 12, No. 20. — P. 65–86.

14 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері / Г. Смағұлова. — Алматы: Елтаным баспасы, 2010. — 244 б.

15 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары / С. Кенжеахметұлы. — Алматы, 2007.

16 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка / Ә. Қайдар. — Алматы: Ана тілі. — 1998. — 304 б.

17 Ван Ю. Гастрономический дискурс как составляющая национальной лингвокультуры / Ю. Ван, Е.В. Харченко // Вестник Челябинского государственного университета. — 2023. — № 5 (475). — С. 66–73.

18 Морозкина Т.В. Лингвокультурный аспект гастрономического дискурса / Т.В. Морозкина, А.Ю. Антонова, М. Шевечкова // Поволжский педагогический поиск: Ульяновский государственный педагогический университет им. И.Н. Ульянова. — 2021. — № 4. — С. 8–14.

19 Onalbayeva A.T. Ethnocultural and communicative features of the Kazakh gastika / A.T. Onalbayeva, B.S. Zhumagulova, Cunde Cui // Bulletin of the Karaganda university. Philology series. — 2022. — No. 3(107). — P. 20–24.

20 Leonova A. Linguistic Peculiarities of Phraseologisms with Culinary Names Usage / A. Leonova, K. Koptleuova, A. Khairzhanova, K. Aldasheva, M. Mambetova, Zh. Kuzembekova // Forum for Linguistic Studies. — 2024. — Vol. 6, Issue 6. — P. 463–472.

21 Alymbaeva A.A. Nations of Plov and Beshbarmak: Central Asian food and national identity on the internet / A.A. Alymbaeva // Muslim World. — 2020. — Vol. 110, No. 1. — P. 107–125.

22 Kurmangali F.T. National code in the traditions of the Kazakh people / F.T. Kurmangali, G.B. Mamayeva, N.Zh. Kereyeva // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. — 2025. — No. 3(152). — C. 74–88.

23 Катран Д. Үй мүлкіне, тағам-тамаққа қатысты қазақтың дәстүрлі терминологиясы / Д. Катран, Э. Қырықбаева // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. — 2023. — № 2(77). — Б. 244–255.

24 Шакирова Д.Т. Мәдениаралық қатысым «Адам — тіл — мәдениет» парадигмасында / Д.Т. Шакирова // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. — 2013. — № 4(144). — Б. 62–65.

25 Қосыбаев М.М. М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі тағам атауларының қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысы / М.М. Қосыбаев, Б.С. Жиембай, А.Р. Халметов // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану, Шығыстану, Түркітану сериясы. — 2024. — № 2(147). — Б. 275–292.

А.Н. Бошен, А.Б. Салкынбай

Лингвокультурный характер названий продуктов питания в национальном культурном дискурсе

В данной статье будут всесторонне дифференцированы национальные названия блюд казахского народа с лингвокультурной точки зрения, подробно рассмотрены их место и функции в культурном дискурсе. В основе исследования лежит положение о том, что названия продуктов питания выходят за рамки простой бытовой лексики и представляют собой семантическую структуру, отражающую мировоззрение, духовно-культурные ценности, социальные отношения и образ жизни людей. Национальные названия блюд — это не просто названия продуктов питания, а культурно-символические коды, отражающие жизненную философию, верования, обычаи и отношения этноса к природе. В статье подробно описывается этимология, морфологическая структура, семантические группы и роль наименований блюд в казахском языке как культурного кода с помощью методов этнолингвистического, культурно-семантического, историко-сравнительного и дискурсивного анализа. Корень, суффикс, качественная критика и образные элементы в составе названий блюд направлены на раскрытие их мотивированности, уровня образности и этнокультурного содержания. Кроме того, определяется прагматическое, ритуальное и символическое значение, лежащее за названием каждого блюда. В ходе исследования названия продуктов питания систематизируются в рамках трех основных культурных концептов: мясо (статус, гостеприимство, мужество), хлеб (благополучие, быт, женский труд), молочные продукты (чистота, жизненная сила, честность). Эти три концепта рассматриваются как опорные, определяющие глубинные слои казахской культуры, мировоззрение и философию существования. Особенно глубоко анализируется языковая и культурная прагматика таких понятий и традиций, как «ақ дәм», «бас тарту», «сыбаға», «қазан», которые выражаются через названия блюд. Кроме того, в условиях современной глобализации затрагивается необходимость сохранения некоторых национальных наименований блюд, их историко-семантической реконструкции и возрождения культурного значения. При этом раскрываются историческая основа, морфологическая структура и этнолингвистическое содержание таких редких наименований, как «түте», «майшұрқан», «бұқпа», «жөргем». Названия отражают не только бытовую потребность, но и социальную иерархию, этические отношения и коллективную культурную память. В результате статья будет представлена как важный лингвокультурный источник, который сохранит историческую память и духовную идентичность казахского народа, передаст культурные коды поколениям. Исследования в этом направлении оцениваются как эффективный способ познания национальной идентичности, духовного наследия и этнической идентичности, соединяя язык с культурой.

Ключевые слова: национальные названия блюд, лингвокультура, этнолингвистика, духовное наследие, культурный код, символическое значение, казахское мировоззрение, прагматическое значение.

A.N. Boshen, A.B. Salkynbay

The linguistic and cultural nature of food names in national cultural discourse

This article will comprehensively differentiate the national names of dishes of the Kazakh people from a linguocultural point of view, and will examine in detail their place and functions in cultural discourse. The study reveals that the names of food products go beyond simple everyday vocabulary and represent a semantic structure that reflects the worldview, spiritual and cultural values, social relations, and lifestyle of people. The national names of dishes are not just names of food products, but also cultural and symbolic symbols that reflect the philosophy of life, beliefs, customs, and the relationship of an ethnic group to nature. The article provides a detailed description of the etymology, morphological structure, semantic groups, and the role of food names in the Kazakh language as a cultural code using ethnolinguistic, cultural-semantic, historical-comparative, and discursive analysis methods. The root, suffix, qualitative adjectives, and figurative elements in the names of dishes are aimed at revealing their motivation, level of figurativeness, and ethno-cultural content. In addition, the pragmatic, ritual, and symbolic meaning behind the name of each dish is determined. The study systematizes the names of food products within three main cultural concepts: meat (status, hospitality, and courage), bread (well-being, everyday life, and women's work), and dairy products (white, purity, vitality, and honesty). These three concepts are considered to be the core concepts that define the deep layers of Kazakh culture, worldview, and philosophy of existence. The linguistic and cultural pragmatics of such concepts and traditions as «ak dam», «bas tartu», «sybaga», and «qazan» are analyzed in depth. In addition, the fact that certain national names of dishes are being forgotten, their historical and semantic reconstruction, and the revival of their cultural significance are addressed in the context of modern globalization. At the same time, the historical basis, morphological structure, and ethnolinguistic content of such rare names as «tute», «maishurkan», «bukpa», and «zhorgem» are revealed. As a result, this article will be presented as an important linguistic and cultural source that will preserve the historical memory and spiritual identity of the Kazakh people, and pass on cultural codes to future generations.

Keywords: national names of dishes, linguoculture, ethnolinguistics, spiritual heritage, cultural code, symbolic meaning, Kazakh worldview, and pragmatic meaning.

References

1 Ermekova, T. N. (2019). Qazaq tili [Kazakh language]. *Metodicheskoe posobie dlia uchitelei — Methodological support for teachers*, 5–7 [in Kazakh].

2 Tymbolova, A.O., & Murzinov, A.S. (2016). Ulttyq tanym ataularynyn lingomadeniettanymdyk sipaty [Linguoculturological Aspect of National Cognition]. *Tiltanym*, 49–53 [in Kazakh].

3 Alpysbay, A.M., Baltymova M.R. (2025). Qazaqtyn dasturli tagam madenieti zhane islami nutritsiologiia qagidattarymen integratsiiasy [Traditional Culinary Culture of the Kazakh People and its Integration with the Principles of Islamic Nutrition]. *Hikmet, 2* (4), 17–29 [in Kazakh].

4 Alimardanova, M.K., Itbalakova, A.B., & Bozhimova, Zh.M. (2012). Qazaqtyn ulttyq sut tagamdarynyn innovatsiialyq tekhnologiyasy [Innovative technology of the kazakh national dairy food]. *Vestnik Almatinskogo tekhnologicheskogo universiteta — The Journal of Almaty Technological University*, 2, 5–8 [in Kazakh].

5 Akhmetova, G.K., & Baigozhina, Zh.M. (2021). Til — madenietti tanytushy kural [Language is a Means of Expressing Culture]. *Abylai khan atyndagy Qazaq khalyqaralyq qatynastar zhane Alem tilderi universiteti. "Pedagogika gylymdary" seriiasy — Bulletin of Kazakh Abylai khan University of International Relations and World Languages. Series "Pedagogical Sciences", 60* (1), 33–44 [in Kazakh].

6 Omirbekova, Zh. (2025). Etnomadeni komponenttin til men madeniet sabaktastygyndagy [Ethnocultural Component of Language and Culture Place in Continuity]. *Yeuraziia gumanitarlyq institytynyn khabarshysy — Bulletin of the Eurasian humanitarian Institute*, 3, 88–98 [in Kazakh].

7 Atabayeva, M., Bulekbayeva L., & Zhilkibayeva, A. (2020). Sh.Sarybaev aymaktyk leksikadagy tagam ataularynyn leksika-semantikalyk erekshelikteri zhayynda [Sh. Sarybayev on Lexico-Semantic Features of Food Names in Regional Vocabulary]. *Abay atyndagy Qazaq Ulttyq Pedagogikalyq Universitetinin Khabarshysy. «Filologiia» seriiasy — Bulletin of Kazakh National University named arter Abai. Series "Philological sviences", 72* (2), 137–143 [in Kazakh].

8 Meyrmanova, G.A. (2016). Qazaq khalqynyn tamaqtanu zhuyesi zhane sutten zhasalgan tagamdarga sipattama (salystyrmaly taldau) [The system of nutrition of the Kazakh people and characteristics of dairy products (comparative analysis)]. *Asian Journal» Steppe Panorama»*, 2, 165–170 [in Kazakh].

9 Yurina, E.A. (2018). Slovari russkoi i kazakhskoi pishchevoi metafory kak istochnik izucheniia mezhiazykovoi obraznosti [Dictionaries of Russian and Kazakh food metaphor as a source of studying interland language]. *Vestnik Kokshetauskogo gosudarstvennogo universiteta imeni Sh.Ualikhanova. Seriia Filologicheskaia — Bulletin of Kokshetau State University named after Sh. Ualikhanov, Philology Series*, 4, 82–85 [in Russian].

10 Uyzbayeva, A. (2019). Semiotics of traditional Kazakh food. *Opción: Revista de Ciencias Humanas y Sociales*, 90, 742–754.

11 Andreeva, L.A., Hopiaynen, O.A., Filimonova, N.V., & Yakimchuk, A.V. (2017). Yazyk, kultura, pitanie: natsionalnaia kukhnia kak etnomarker v molodezhnoi srede [Language, culture, and nutrition: national cuisine as an ethno-marker among young people]. *Istoricheskaia i sotsialno-obrazovatelnaia mysl — Historical and socio-educational thought, 9*, 6-2, 147–153 [in Russian].

12 Orazaliyeva, A.N., & Bayzakov, Zh.A. (2023). Til birligi ult birligi — bir ulttyn, tutas khalyktyn baga zhetpes kazynasy [Language unity of the nation is an invaluable treasure of One Nation, a whole people]. *International Multidisciplinary Conference*, 161–165 [in Kazakh].

13 Tolegenova, M. (2022). Qazaq zhane turik tilderindegi sut negizdi onim ataularynyn etnolingvistikalyq sipaty [Ethnolinguistic characteristics of dairy products in Kazakh and Turkish]. *Tehlikedeki Diller Dergisi, 12*, 20, 65–86 [in Kazakh].

14 Smagulova, G. (2010). *Magynalas frazeologizmderdin ulttyq-madeni aspektileri [*National and cultural aspects of semantic phraseology]. Almaty: Eltanym baspasy [in Kazakh].

15 Kenzheakhmetuly, S. (2007). *Qazaqtyn salt-dasturleri men adet-guryptary* [Traditions and customs of the Kazakh people]. Almaty [in Kazakh].

16 Kaydar, A. (1998). *Qazaq tilinin ozekti maseleleri: Aktualnye voprosy kazakhskogo yazyka* [Actual problems of the Kazakh language]. Almaty: Ana tili [in Kazakh, in Russian].

17 Van, Yu., & Kharchenko, E.V. (2023). Gastronomicheskii diskurs kak sostavliaiushchaia natsionalnoi lingvokultury [Gastronomic discourse as a component of national linguistic culture]. *Vestnik Cheliabinskogo gosudarstvennogo universiteta — Bulletin of the Chelyabinsk State University*, 5 (475), 66–73 [in Russian].

18 Morozkina, T.V., Antonova, A.Iu., & Seveckova, M. (2021). Lingvokulturnyi aspekt gastronomicheskogo diskursa [The Linguocultural Aspect of Gastronomic Discourse]. *Povolzhskii pedagogicheskii poisk: Ulianovskii gosudarstvennyi pedagogicheskii universitet imeni I.N. Ulianova — Volga Region Pedagogical Research: Ulyanovsk State Pedagogical University named after I.N. Ulyanov*, 4, 8–14 [in Russian].

19 Onalbayeva, A.T., Zhumagulova, B.S., & Cui, C. (2022). Ethnocultural and communicative features of the Kazakh gastika. *Bulletin of the Karaganda university. Philology series, 107* (3), 20–24.

20 Leonova, A., Koptleuova, K., Khairzhanova, A., Aldasheva, K., Mambetova, M., & Kuzembekova, Z. (2024). Linguistic Peculiarities of Phraseologisms with Culinary Names Usage. *Forum for Linguistic Studies, 6* (6), 463–472.

21 Alymbaeva, A.A. (2020). Nations of Plov and Beshbarmak: Central Asian food and national identity on the internet. *The Muslim World, 110* (1), 107–125.

22 Kurmangali, F.T., Mamayeva, G.B., & Kereyeva, N.Zh. (2025). National code in the traditions of the Kazakh people. *Bulletin of LN Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 152* (3), 74–88.

23 Katran, D., & Kyrykbaeva E. (2023). Uy mulkine, tagam-tamaqqa qatysty qazaqtyn dasturli terminologiyasy [Traditional Kazakh Terminology of Home Interior, Food, and Nutrition]. *Abay atyndagy Qazaq Ulttyq Pedagogikalyq Universitetinin Khabarshysy. «Tarikh zhane saisi-aleumettik gylymdar" seriiasy — Bulletin of Kazakh National University named arter Abai. Series "Hhistorical and socio-political sciences", 2*(77), 244–255 [in Kazakh].

24 Shakirova, D.T. (2013). Madeniaralyq qatysym «Adam — til — madeniet» paradigmasynda [Cross-cultural communication in the paradigm of "Person — language — culture"]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo universiteta. Seriia filologicheskaia — Bulletin of the Al-Farabi Kazakh University. Philological series,* 4(144), 62–65 [in Kazakh].

25 Kossybaev, M.M., Zhiyembay, B.S., & Khalmetov A.R. (2024). M. Kashkaridyn «Diuani lugat it-turk» enbegindegi tagam ataularynyn kazirgi turki tilderindegi koldanysy [The use of names of dishes in modern Turkic languages from the monument of M. Kashgari "Diwani lugatit-Turk"]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziia ulttyq universitetinin khavarshysy. Saiasi gylymdar. Aimaqtanu. Shygystanu. Tuykitany seriiasy — Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series,* 2(147), 275–292 [in Kazakh].

Information about the authors

Boshen Aizhan Nurlanovna — PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: aizhan.boshen@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0009-0004-4936-6879

Salkynbay Anar Bekmyrzaevna — doctor of philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: asalkbek@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2334-7499